

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШІРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӨДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 17.07.61

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.01>*Ұ.Б. БАЙЛИЕВА¹ Б.Д. ДАУТОВА² 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: baylievaulzhan@gmail.com¹, dautova.bibigul1979@gmail.com²)

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АҚЫЛ, ЖҮРЕК, ҚАЙРАТ КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ОРЫС ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада А.Құнанбайұлы шығармашылығындағы «ақыл», «жүрек», «қайрат» концептілерінің көрініс табуы мен олардың орыс тіліне аударылу тәсілдері қарастырылады. Концепт ұғымы когнитивті лингвистика тұрғысынан зерттеліп, терең түсініктеме беріледі. Мақаланың басты мақсаты Абай шығармаларындағы адамгершілік тақырыбын, кемел адамға сай ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің мағынасын ашып, ойлы көзбен оқып, жүрегіне сіңіре алатындай ету. Абай шығармаларындағы ақыл, қайрат, жүрек концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері зерттеліп, бірқатар аудармашыларының нұсқалары арқылы Абайдың адамгершілікті ұстанудағы маңызды философиялық түйіндерінің берілуі анықталады. Түпнұсқа мен аударма мәтініндегі ақын стилі мен өзіндік даралығын анықтап, тәржімалану ерекшеліктері көрсетіледі. Абай шығармаларында «Абай үшкілі» атанған ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліндегі оқырманға жеткен мағынасы мен дәрежесін зерделеп, сапалы, сәтті аударма нұсқалары анықталады. Мақаланы талқылау барысында Абай өлеңдері асылнұсқа ретінде алынып, А. Штейнберг, Ә. Қодар, М. Адибаев, М. Дудин, С. Тілеубаев, Э. Шехтман, А. Гатов, М. Сұлтанбеков, Вс. Рождественский, Г. Бельгер, Б. Момышулы, Д. Бродский, Ю. Кузнецов, Ю. Нейман, Е. Курдаковтың аударма нұсқалары салыстырылды. Абайдың қара сөздерінің аударма нұсқалары ретінде Р. Сейсенбаев пен К. Серікбаева, С. Санбаев, В. Шкловский аудармалары қарастырылды.

Түйін сөздер: концепт, аударма, ақыл, қайрат, жүрек.

Кіріспе. Абай туындыларындағы ақыл, қайрат, жүрек концептілерінің үш тілдегі (асылнұсқасы мен орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын) салыстырмалы сипаттамасын беру – когнитивті лингвистика мен аударматанудың өзекті мәселелерінің бірі.

Когнитивті лингвистика – ХХ ғасырдың 70-80 жылдарда дами бастаған ғылыми парадигма. Когнитивті лингвистиканың негізгі міндеттері: танымдық үдерістердегі тілдің рөлін түсіндіру; когнитивті үдерістердегі тілдік концептілердің үлгісін жасау; тілді ғылым шеңберіндегі рухани феномен

тұрғысынан түсіндіру; менталды репрезентация формасында сақталатын болмыстың сипатын айқындау, т.б. Белгілі-бір ұғымның санадағы көрінісі, оның қалыптасуы мен дамуы, жеке тұлға, ұлттарда әртүрлі өрбиі мен оның қабылдану ерекшелігін когнитивті лингвистика тұрғысынан зерттеп қана қоймай, тілдің бейнелілік, танымдық, ғылыми сипатын, жалпы адамзат жаратылысының дүниетанымдық тұрғысынан қарастыру.

Абай поэзиясы – өзіне дейінгі ұлттық поэтикалық қағидалардан батыл түрде бас тартқан, ұйқасы мен ырғағы әрқашан оқыс, қазақ көркем әдебиетінің шыңында тұрған туындылар. Абайды аудару – бұл ұлттық ойлау типінің алгоритмідеріне бағышталып, ұлы ақынның өлеңдеріндегі сезім мен жағдайларды қазақтардың тілдік әлемді тану көрінісі арқылы жеткізуге талпыну. Бірқатар В.С. Рождественский, Л. Озеров, Ю. Нейман, Ю. Кузнецов сынды атақты аудармашы-ақындар Абай шығармаларының орыс тіліндегі аударма канондарын беру ережелеріне сүйеніп, абайдың өлеңдерін адаптациялауға талпынған. Әсіресе, ең үздік аударма қатарында В.С. Рождественский мен В. Звягинцеваның, Б. Момышұлы мен аудармашы Г. Бельгердің жолма-жол тәржімалары бар.

Белгілі аудармашы, әдебиеттанушы, публицист Г.К. Бельгердің тұжырымдауы бойынша Абай туындыларының нақты, жоғары дәрежелі аудармалары жоқ екенін мойындау қажет. Бірқатар нақты, жинақы В.С. Рождественский, М. Петровых, М. Тарловский, Л. Озерова, Ю. Нейман сынды аудармашылардың поэтикалық аудармалары бар. Дегенмен, аудармаларды түпнұсқамен салыстырып қарасаң, ритмомелодикасы, ырғағы мен сөздері келіп тұрса да, Абайдың стилінде емес, Абайдай жырлап тұрған жоқ [1, 402].

Осыған орай, Абай Құнанбайұлы шығармашылығының орыс тіліндегі аударма нұсқаларын талқылап, олардың өзге ел санасына қалай жеткендігі, қалай қабылданғандығы жайлы зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланың зерттеу әдістері аударма теориясы мен практикасына тікелей сүйенеді. Аудармадағы баламалылықты анықтау, түпнұсқа мен аударма нұсқаларын салыстыру әдістері, салғастыру тәсілдері қолданылды. Ақынның асылнұсқасы мен аударма мәтіндерді концептуалды-салыстырмалы түрде талдау, аудармаларды жүйелеу жүргізілді.

Талқылау мен бақылау. Филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев «концепт ұғымы тіл біліміне философиядан келген, латынша концептус (ұғым) сөзінің калькасы болып табылады. Бірақ «концепт», «ұғым» терминдерінің негізі бір болғанмен, мәні, маңызы бірдей емес» [2, 149] – деп, пайымдайды.

Алғаш рет бұл термині 1928 жылы С.А. Аскольдовтың «Концепт және сөз» атты мақаласында қарастырылды [3, 4]. Қазіргі таңда лингвистика ғылымында концептіні түсінуге байланысты негізгі екі тәсіл қалыптасқан.

Бірінші тәсілді ұстанушылар (О.С. Степанов, В.Н. Талия) концептіні адамның ментальды әлеміндегі негізгі ұяшық ретінде қарастырады, яғни, мәдениет – концептілердің жиынтығы мен олардың бір-бірімен байланысы [4, 65].

Екінші тәсілді ұстанушылар семантикалық тәсіл арқылы концептіні когнитивті семантиканың бірлігі ретінде түсіндіреді (Н.Д. Артюнова, А.Д. Шмелов) [5, 46].

Абайдың шығармаларында ақын сөзі кеселмен күресіп, әділеттілік пен қайырымдылықты қолдап, ашу мен мейірбандылықты айыра білетіндей қасиет беріп, рухани бай болуға жетелейтін бүкіл халықтар мен адамдар туралы болмақ. Абайдың көзқарасы бойынша адамзатты құтқармақ нәрсе, ол – білім. Дегенмен бұл ғылымды, қолөнерді үйрететін, тамақпен қамтамасыз ететін білім емес. Бұл борыш, ар, намыс, әділеттілік, т.б. адамгершілік принциптегі адамдық немесе жүрек секілді теңдессіз қабілет. Ол адамзаттың елеулі қажеттіліктерін қамтамасыз ететін ғылыми, позитивті ілім, рухани бастамадан, өнегелік көзден айырылмау қажет деген шығыстық дәстүрге сай бағытты ұстанады.

Нұрлы ақыл – ар, намыс, шапағат пен рақымшылдық, ізгі, толық иманы бар адамға тән құбылыс. Мағынасы терең, мәні кең бұл гуманистік ой танымындағы терминдік ұғымдармен байланысады. Нұрлы ақыл ұғымы Абайдың қолданылуында, ақыл мен қайратты жүрекке бағындырып, ізгі ниеттегі жолға салу идеясын көздейді. Абайдың жиырма сегізінші қара сөзінде Абай Сократпен оның шәкірті Аристоклемнің жаратушы әлем мен адамды мінсіз сәйкестікте жаратқандығы, адамның ақылы арқылы жануарлардан ерекшеленетіндігі мен Алланың ең жоғарғы, ұлы ақыл екендігі жайлы диалогын келтіреді. Сократтың сөзімен келісе отырып, адам ақылға рухтан соң ие болғандығын, сөйлеу арқылы бұл әлемдегі жоғарғы дәрежесін көрсетіп, Сократтың «өз-өзіңді таны» өсиетіне ерекше мән береді.

Абайдың түсінігінде қайрат концептісі мақсатқа жету, білімді игерудегі адамға қажетті құрал ретінде көрсетеді. Қайрат адамды түрлі күнәлардан, пайдасыз, өткінші қызығушылықтар мен оңай пайда табудан алшақтатып, оны тура жолға, еңбекке бастауына себепші болады. Қайраттың табандылығы адамның жалынын кемітеді. Абайдың отыз сегізінші қара сөзінде адамды қинайтұғын үш нәрсе: надандық, жалқаулық пен жауыздық екенін атап көрсетеді. Адамды аздыратын кеселдің бірі – эгоизм. Абай өзімшілдіктің үш типін ажыратып көрсетеді: 1) адам қастықтың табалдырығында тұруы, бірақ оны аттап өтпейді, себебі, бұл жауыздық арқылы адами абыройын жоғалтатындығын біледі; 2) өзгелерден жоғарырақ дәрежеде көрсету мақсатындағы эгоизм. Мұндай эгоизм адамның қадір-қасиетін жояды; 3) адамдардың арасына от салу, өшпенділікті тудыру, пенделерді қайғы мен қорлауға әкеп соғатын эгоизм.

Абай танымындағы үйлесімділік пен байланысы бар өзара қатынасты

реттеп отырушы нәрсе – жүрек. Абайдың бірқатар өлеңдерінде Алла тағаланы жүрекпен танып, оның хақтығын, нығметтерін жүрекпен сезіну қажеттілігі, айтар сөзін жүрегіңнен шықпаса, ондай сөзді айтып, жалғандыққа жол бермеу туралы байламын жеткізеді. Абайдың проза мен поэзиясындағы жүрек концептісі заттық әрі абстракциялық түсініктермен байланыстыра берілген. Мысалы, ыстық жүрек, жүректе қайрат болмаса, жылы жүрек, мұз жүрек, жүрегім менің қырық жамау, ауру жүрек соғады жүрекке жылы тию, асау жүрек пен махаббат пен ғадауат шайқасқан жүрек деп көрсетеді. Бұл тұста Абайдың шығармашылығында адамның көңіл-күйін, мінезінің құбылмалылығын бейнелейтін сөздердің әр алуандығы осы жүрек сөзімен байланыс тауып жатқандығын аңғарамыз. Абай өз шығармаларының түп негізін шығыстық философиядан, жүрек культінің тамырын әл-Фарабидің пәлсапалық туындыларынан алады. Жүрек концептісінде жүрек пен бас бір-біріне антонимдік мағынада қолданылады.

Аудармашы аударма тілінің ұлттық дәстүрлері, мәдениеті, өмір салты және рухани құндылықтары туралы түсінік ала алды ма? Жалпы Абай туралы және оның қоршаған ортасы туралы жеткілікті ақпарат жинау мәселелері қаралуда. Бұл дегеніміз, егер аудармашының дайындығы мен анықтамалық ақпараты жақсы болса ғана, ол аудармашының мәтінін түсініп, Абай қолданған «ұлттық стильді» түпнұсқа тілінде аударма алады [6, 1852]. Абай шығармашылығында өлеңдер мен олардың аударма нұсқалары қарастырылып, келесідей нәтижелерге қол жеткіземіз.

1-кесте

Түпнұсқа	А.Штейнберг аудармасы	Ә.Қодар аудармасы
Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек, Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек. Тоқтаулылық, қалыпты, шыдамдылық, Бұл – қайраттан шығады, білсең керек [7, 108].	Острый разум чист, словно пласт ледяной. В непослушливом сердце — кипучий зной. Терпеливую мысль и пылкую страсть В силах ты обуздать лишь волей одной [1, 104].	Наш холоден Ум наподобие льда, Горячее Сердце согреет всегда. Разумность и такт, прозорливость терпенья, В нас Воли рождает тугая узда [1, 105].

1889 жылы жазылған Абайдың бұл өлеңінде ақын адам бойындағы ақыл, қайрат, жүрек концептілерінің маңыздылығына алғаш рет ерекше мән беріп, ой толғай бастайды. Түпнұсқаны орыс тіліне аударған А. Штейнберг те Ә. Қодар секілді қайрат концептісін – воля сөзі арқылы береді. Бұл орайда екі аудармашы дұрыс эквивалентті таңдаған. Автордың адам философиясы мен дүниетанымының сипаттағы ұғымын ұтымды жеткізе білген. Абай суық мұз

бен зерек ақылды қарама-қарсы метафора ретінде қарастырған. Ал, А. Штейнберг аудармасында бұл өлең тармағы теңеуге айналып кеткендігін көреміз. Аудармада острый разум тіркесі қазақ тіліндегі зерек сөзімен мағынасы барабар келмейді, бұлар екі түрлі анықтамаға ие сөздер. Бұл тіркесті қазақшаға кері аударма ретінде талдау жасасақ, өткір ақыл мағынасына өзгереді. Зерек ақыл тек адамға ғана берілген сый, яғни ақылдың ұшқырлығы қазақ тілінде көбіне ой ұшқырлығы тіркесімен келеді. Сөздердің бұндай семантикалық мағынасына мән бермеу – аударманың сапалылығын төмендетеді. Өлеңнің екінші тармағыныңдағы «ыстық жүрек» тіркесіне ерекше мән берген жөн. Адамның жаны мен жүрегі болмаса, оның ақылы мен қайраты да болмайды. Абай ыстық жүрек арқылы адамның тұла бойы жылытындығы жайлы сөз қозғаған, ал аудармада тұла бой мен ыстық жүрек тіркестері дұрыс аударылмаған. Абай шыдамдылық, тоқтаулылық, қалыптылық – қайраттан шығатын қасиеттер ретінде берілсе, аудармада бұл қайратқа бағынатын қасиеттерге айналып кеткен. Ал, Ә. Қодар нұсқасында аудармашы жоғарыда айтылған метафоралық ұғымдарды жеңілдетіп көрсеткен, жүректің жылытатындығы үстіртін ғана беріліп, нені жылытатындығы жайлы сөз қозғалмайды; ақылдың мұз секілді салқындығы айтылғанымен зеректігі жойылып кеткен. Қайраттан шыққан қасиеттер аудармада тығыз байланыс, бағынушылық ретінде тәржімаланған.

2-кесте

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек [7, 108].	Только тот, кто сердце и разум скует Непреклонной волей — достигнет высот [1, 104].	Держа в триединстве Ум, Сердце и Волю, Ты к цельности редкой придешь без труда [1, 105].
--	---	--

Автордың өлең тармақтары Абайдың ақындық шығармашылығының өзегі, кемел адам туралы философиялық, эстетикалық, қоғамдық-әлеуметтік нысанының негізі. Сондықтан, аудармашы бұл жолдарды аударуда Абайдың толықтай ақындық шеберлігін осы тармақтар арқылы беруі қажет. А.Штейнберг аудармасын семантикалық тұрғыда талдасақ, қайраттың ақыл мен жүрекке билік етуі қажет деген мағынаны көреміз. Абай танымындағы кемел адам – ақыл, жүректі қайрат арқылы басқарған емес, қайратымен тең дәрежеде ұстаған адам. Осы тұрғыда Ә.Қодардың аудармасындағы кереғарлықтар туындайды.

«Ақыл» концептісінің орыс тілінде берілуі

Абай шығармаларында кездесетін «ақыл» концептісінің құрылымдық негізіне байланысты:

- Ақыл – адам санасы; адамды өзге жаратылыстан ерекшелетін қасиет

Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап [8,35].	Верь себе, и тогда две опоры с тобой Труд и ум, - с ними путь свой земной соверши [1,176]. Э. Шехтман	Верь себе! И опора и счастье твое – Это лишь неразлучные ум и труд [1,177]. А. Гатов	«Поверь в себя, тебе помогут дружно, Твой труд и ум твой, взявшись с двух сторон» [9,93]. Э. Қодар	«Веру в себя укрепляй, чтоб вдвоем Разум и труд выводили на свет» [9,93]. М. Сұлтанбеков
--	--	--	--	--

1896 жылы жазылған өлеңі. Өлең алдамшы заманда өмір сүріп жатқан ақжүрек азаматқа арналған. Абайдың ғақылы бойынша, адамды биік күшке бастайтын, мақсатына жеткізетін оның өз бойындағы ақылы мен еңбегі болмақ. Туындының мәнін ашып тұрған айрықша ой Абайдың ақыл, қайрат, жүрек секілді әлеуметтік-эстетикалық дәрежесі көтерілген принциптерімен байланысып жатыр. Өлең ағылшын, орыс, қырғыз, қарақалпақ, өзек тілдеріне аударылған. Өлеңде жүректен шығатын асыл қасиеттер ақынның философиялық, дүниетанымдық, мәдени-әлеуметтік көзқарасының негізгі тұжырымдары. Сол себепті, автордың мұндай терең астарлы мағыналы, әлеуметтік-этикалық ойларын білдіретін ойларын дәл, нақты, өзгертусіз тәржімалаудың маңызы зор. Өлең тармақтарында бейнелі ойлардың аударылуы емес, нақты ақыл мен еңбек секілді нақты ұғымдарды орыс тілінде жеткізе білу болып отыр. Ақын өлеңі арқылы халықтың айтқан даналығы мен жұрт аузында айтылып жүрген ақыл сөзге емес, өз басынан өткен, көзі жетіп, көңіліне түйген ақылға сүйенуді меңзейді. Өмірдің қиындылығы мен ала-құлалылығын басынан кешпеген адамға жұрттың ақылы сену оңай болары анық. Дегенмен, жалғанда орын алар көптеген жақсылықтар мен жамандықтарды көрген соң, адам тек өз еңбегі мен ақылына сеніп, жүрегі жаралы болатындығын сипайттайды. Бұл Абайдың өз тәжірибесінен өткендей. Абай ақыл мен еңбекке жүгіне отырып, жүректегі әділет пен шапқат секілді қасиеттерді де анықтап, құрмет көрсетеді. А. Гатовтың нұсқасы мен түпнұсқаны салыстырсақ, асыл нұсқада берілген ақыл мен еңбектің әрекеті жайлы айтылса, аудармада ақыл мен еңбекті – бақыт пен сүйенішке балаған. Э. Қодардың аудармасында ақыл концептісі – ум ретінде аударылған. Автор бұл өлең шумақтарында «өзіңе сен» - деу арқылы жоғарыда көрсетілген нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек қасиеттерін меңзеп тұр. Л. Руст нұсқасында түпнұсқадағы Абай қолданған еңбек пен ақыл бірліктерінің байланысы сақталмаған. Тек ақылдың маңыздылығын ғана көрсеткен, ал ақынның еңбектің астарындағы қайрат пен олардың байланысынан жүректің өзі келіп шығартындығын аудармашы жете назарға алмаған. Аудармалардың төрт нұсқасында да ақылды «ум» бірлігі арқылы тәржімаланған. Ал, өлеңнің соңғы тармағында ақыл ерекшеленіп көрсетіліп, оған еңбек қосылады.

Қайратымен еңбек етсе, адамның өзі – жүрек екендігі келіп шығады.

➤ Ақыл – парасат, даналық

14 қара сөз: Айтқанға көңіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жиып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптен атының басын бұрып алуға жараған, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қиын да болса, мойындау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау - ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры - әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз [10, 89].

Р. Сейсенбаев пен К. Серікбаева аудармасы: Если у них не в чести учтиность, верность данному обету, отвращение от зла, способность вести за собой заблудших, а не плестись за толпой жалким псом, умение смело постоять за правое дело, когда это трудно, не отступить от истины, когда это сделать легче легкого, то в груди тех, кого люди почитают за батыров, бьется не обыкновенное, а волчье сердце [11, 252].

С. Санбаев аудармасы: Человек с чистым сердцем послушен совету и верен своему слову; он не сможет, подобно собаке, плестись за караваном, а, напротив, способен в самых тяжелых условиях вывести на верный путь заблудших; он готов покориться истине, как бы это ни было для него трудно, и сумеет не склонить головы перед несправедливостью, как бы это ни было легко. Таким видится батыр – человек мужественный и стойкий, не с волчьим сердцем в груди, а с трепетным, человеческим [11, 40].

В. Шкловский аудармасы: Человек, обладающий сердцем, быстро оправляется от счастья. Он не идет, как собака, за чужим караваном. Он сам поворачивает заблудившихся лошадей на истинный путь. Он покоряется, но покоряется тому, что справедливо для разума. И трудна ему иногда эта покорность. И он не покоряется тому, что не выдерживает испытания разумом. Вот истинное сердце. Это львиное сердце, это то, что казахи называют «журекты». То же, что мы обычно называем сердцем богатыря, — это не львиное сердце, а волчье сердце [11].

Абайдың он төртінші қара сөзінде сөзінде айтылған ой, әділетті ақыл, қасқыр жүректі бірліктері орыс тіліндегі берілген нұсқаларда түрліше көрініс тапқан. Аударманың бірінші нұсқасында автор айтып тұрған әділетті ақыл концептісі аударылмаған. Абайтанушы ғалым М. Мырзахметовтың пайымдауынша әділетті ақыл – Абайда негізінен ақыл сынынан, сыншыл ой талқысынан туындайтын ақыл деген ұғымды білдіреді» [12, 45]. Осыған орай, автордың негізгі ойы аудармада үстіртін берілген. Автор айтқан әділетті ақыл орыс тілінде әділеттілік сөзіне айналып, ақыл концептісінің мағынасы ашылмаған. Ақын бүкіл поэзиясының өзінде ғана жүрек сөзін 170 рет құлпыртып, ақындық тілдің мағыналық бояуларын түрлендіре қолдануда да теңдесі жоқ тапқырлық танытады [13, 19]. Автор өсиет сөзінде батырды қайратты бағындырған қасқыр жүректі екендігін, аударма нұсқасында автор ой

керісінше мағынаға ие болып тұр. В. Шкловский аудармасында «справедливо для разума» ретінде барлық аударма нұсқаларынан асыл нұсқаға жақын бірден-бір аударма болып отыр. Әділетті ақыл мойындамаған нәрсе аудармашы нұсқасында ақыл сынағынан өтпеген істі мойындамайды деген мағынада көрініс тапқан. Абайдың әділетті ақыл концептісінің нақты мағынасын анықтап көрсетпесе де, жақын аударманың бірі. Аудармада жүрек концептісінің орыс тіліндегі мағынасы ашылмаған. Бұл Абайдың жүректі сипаттаған ойының тереңдігін, мағынасының өзге тілде көрсетуге ауқымды екендігін көрсетеді. Аудармашы өз тарапынан «львиное сердце» бірлігін қосқан. Бұндай аудармалар автор ойын, стилін бұзып, сапсыз аударманың үлгісі болады, сонымен қатар, ағылшын тіліндегі сатылай аудармаларға да кері әсерін тигізбей қоймайды.

«Қайрат» концептісінің орыс тілінде берілуі:

➤ Қайрат – жігер, пәрмен, батылдық мағынасында

4-кесте

Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ, Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек [7, 101].	Из-за лести неправедным будет болыс В собачьих терзаниях, не допустит, чтобы его имя было задето [1, 42]. Б. Момышулы	Волостным все норовит безмозглый стать, - Будет всеми, как собака, проклят он [1, 44]. Д. Бродский	Пусть он волостным из тщеславия станет, В бездарности будет, как пес, уличен [1, 48]. Ә.Қодар	От каждой твари слышать, что ничтожный, Но волостным стремится всякий стать [1, 50]. М. Адибаев
--	--	---	--	--

Абайдың шығыстық, батыстық дүниетаныммен толық танысып, рухани қазынасымен байыған, мейлінше толысқан кезеңінде жазылған туындысы. Малын оңды-солды шашып, болыс болу мақсатына жетуді көздеген, әлсіздерге қырын қарап, сыр білдірмей, жайсыз хабар естісе, жүрегі суылдап қоя беретін, бойында қайраты мен күші жоқ адамдар туралы сөз қозғалмақ. Ақынның өлең тармақтары арқылы заманның азғындығы, өз пайдасынан басқа ештеңені ойламайтын дүние құмар, қайратты тек қару ретінде қолданған болыс-билерінің қара ниеттері жайлы айтылған. Бұл тұста қартайдық дегені Абайдың шын мәнісінде қартайғандығын емес, қайта халық қамқоры атанып, үлкен тартысқа түскен, қайсар қайратпен, өжет қажырмен кірісі бастағандығы байқалады. Сол себепті, қажыған қарттың әлсіреп, қайраты қайтып, жүрек отының бәсеңдеген күйін көрмейміз. Автордың өлеі тармақтары арқылы ұлтының сыншы, өсиетші алғабастар ұстазы болуға бекінгендігін аңғарамыз. Абай берілген өлеңі ақынның дүниетанымдық көзқарастары, әлем туралы білімінің кемелденген шағында жазылған өлеңдерінің бірі. Ойшыл данышпан адам сырын, заман сипатын, толықтай жаратылысын философиялық тұрғыдан алып қарастырады. Өлең жолдарындағы қартаю, қайраттың қайтуы мен

арманның ұлғаюы – астарлы мағынасында қартайғандықтың белгілер емес. Бұл заман азғындығынан шаршап, күресуге күші қалмай, ұлтының жақсы жаққа өзгеруін армандау туралы сөз қозғалған. Түпнұсқада қайратсыз, жігерсіз болыс атанып, жұрттың сөзіне қалған ел басқарушылар, тынымсыз атмінерлерді сынға алды. Аудармашы жолма-жол аудармасының кейінгі жолдрында түсініктеме ретінде концептің мағынасын анықтай түскен. Д.Бродский қайратсыз концептісі ақылсыз, ақымақ концептімен теңестірілген. Ә.Қодар нұсқасын қазақшаға кері аударма жасасақ, атаққұмарлығынан болыс атанса да, көше иті секілді қабілетсіз болатындығы жайлы сөз қозғалған. М.Адибаев қайрат концептісі түсіріліп, жалпылама болыс болуға деген қалау көрінеді.

«Жүрек» концептісінің орыс тілінде берілуі

➤ Жүрек – мұз метафорасымен берілуі

5-кесте

Махаббат, ғадауат пен майдандасқан, Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? [7, 48].	Любовь и вражда бьются /воюют/ меж собой Разве сердце от этого не леденеет? [1, 309]. С. Тілеубаев	Бездушным льдом – пылающее сердце, Что за любовь боролось с жизнью злой?.. [1, 301]. Ю. Нейман	Не тронет ледяным коварством Сердце, обиженных судьбой [1, 311]. М. Дудин
	В сырой и мрачной глубине, Оледенев, не возразит тебе [1, 315]. М. Адибаев	О сердце, сердце, где любовь сплелась с враждой, Ты беззащитно будешь в тверди ледяной! [1, 312] Е. Курдаков	И бедное сердце, любя, ненавидя и мучась. Растает, как льдинка у Господа в теплых руках [1, 314]. Ә.Қодар

Абайдың 1898 ж. жазған өлеңі. Өлеңнің негізгі тақырыбы – өмірдің талай қиындықтарын, қиыр кезеңдерін бастан кешіріп, көрген соққының салдарын, өлім қасиетін сипаттайды. Келер ұрпаққа сырын ашып, мұңын шағады, өз заманынан артық заман келеріне үлкен сеніммен қарайды. Ақынның берілген өлеңі көңіл сыры, ақын мен ақындық жыры жөнінде жазылған тақырыпты қозғауы Абай өлеңдерінің асыл туындысы. Өлеңдегі психологиялық көзқарастар Аристотель, Әл-Фараби мен К.Д. Ушинскийдің тұжырымдарымен астасып жатыр, олардың таным процесіндегі түсініктер, Жаратқанға деген сенім, жан мен тәннің мәңгілігі ұғымдармен байланысады. Автор сезім мүшелері арқылы әлемді, ақиқатты танудағы қызметін дұрыстап көрсетіп, жүректің орнын ерекшелеп көрсетеді. Адамның ішкі рухани жан дүниесі ақыл, қайрат, жүрек сынды үш қырымен сипатталатындығын, таным мен тіршілікте сезімнің атқаратын маңызды қызмет екендігін айтады. Берілген ақынның өлеңінде концептуалды, психологиялық, антропологиялық қырлары

көрініс тапқан. Ал, аудармаларда концептуалды бірліктер мен психологиялық аспектілері ашылмаған. Ю. Кузнецовтың аудармасында семантикалық тұрғыда мұз секілді еру мағынасын береді, ал, түпнұсқада жүректің мұзға айналуы туралы сөз қозғалған, сондықтан антонимдік аударма сәтсіз шыққан. Аудармаға метафоралық образдар сақталғанымен, өлеңнің мән-мағынасы өзгеріп кеткен. А. Қодардың аудармасы жалпы мазмұнда жақсы шыққанымен, соңғы жолда кездесетін жүрек концептісінде олқылықтар бар. Аудармашы автордың жүрек концептісін не ашуды, не қуанышты өткізбейтін мұзға айналдырады. Дегенмен, Абай бұл өлең жолдарын арқылы жүректің қасиеттерін емес, махаббат пен ғадауат майданына шыдай алмай, мұзға айналып жатқан жүректі көрсетеді. Ю. Нейманның аудармасына көз салсақ, аударманың барлық аударма нұсқаларының ішінде сапасыз екендігін байқаймыз. Аудармашы автордың ойын жете түсінбегендіктен, түпнұсқаның мағынасының берілуі ғана емес, автор ойы мүлде басқа бағытқа бұрылған. Бұл тармақтардағы қайран жүрек концептісін пылающее сердце эпитетімен тіркестіруі екі тілде түрлі мағыналарға ие болатын сөздер, сондай-ақ ақын түпнұсқасындағы мұз метафорасы аудармада керісінше жалындаған жүрек мағынасына айналып кеткен. М. Дудиннің нұсқасында жүрек туралы танымы ғана емес, тұтас өлеңнің мағынасы, мәні жойылған. Аудармада ақын жүрегі – жүректер болып, көпше түрге айналып, тағдырына өкпелі жүректерге айналып кеткен. Түпнұсқада мұз – жүрекке қатысты бірлік ретінде берілсе, аудармада мұзды – ғадауатты сипаттау үшін қолданған. Ал, М. Адибаевтың аудармасында жүрек концептісі мүлде түсірілген, аудармада өткір тілдің мұзға айналуы туралы сөз қозғалған. Мұндай өрескел қателіктер ақын ойын, дүниетанымын бұзады, орыс тіліндегі оқырманға әсері болмайды.

➤ Жүрек – асыл қасиеттерді бойына жинақтайтын терең абстарктілі жаратылыс ретінде

6-кесте

Жүрегіңнің түбіне терең бойла, Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.	Вспомни и о том, что человек – загадка. Рос я в беспокойных и без троп местах [1, 309]. С. Тілеубаев	Души измученной постигни суть! Я – человек с загадкой, помни это! [1, 310]. Ю. Нейман	Ты в глубину мою взгляни, В мои загадочные дни [1, 311]. М. Дудин
	Вглядитесь же в меня и глубже, В жестокой искореженной среде [1, 315]. М. Адибаева	Когда ты заглянешь в меня, то заплачешь навзрыд. Но помни, душа моя много загадок таит [1, 314]. Ә.Кодар	Проникни в душу, разберись в моей судьбе, Я жил не понят, в бездорожье и борьбе [1, 312]. Е. Курдаков

Абайдың жүрек жайлы, өзі жайлы мағлұмат беретін ең маңызды өлең тармақтарында автор жүректің тереңдігін, құпиялылығын меңзейді. Жүректің

түбіне қалай жетуге болады? Бұл тұста автордың метафоралық көрсеткіштерін, абстарктілі тереңдігін айтады. Астарлы мәні терең бұл өлең тармақтарындағы жүрек концептінің негізгі ойын аударманың берілген нұсқаларында берілуін салыстырсақ, бірқатар аударма нұсқаларында жүректі – душа концептісімен берген. С. Тілеубаев аудармасында жүректің тереңдігі ғана емес, жалпы жүрек концептісінің өзі мүлде қалдырылып кеткен, аударманы кері тәржімаласақ Абай айтқан ойдың, негізгі астарлы, мағыналы сөздің мәні жойылып тұр. Ю. Нейманның аударма нұсқасын қазақшаға тікелей кері аударма жасасақ, азап шеккен жанның төркініне жет деген мағынаны береді. Аудармашының жүректі – жан арқылы беруі бір жағынан адекватты аударма ретінде қарастыруымызға болады. Себебі, автор сөзінде жүректің тереңдігіне жету дегеніміз – жанның мән-мағынасын егжей-тегжейлі ұғыну мағынасын білдіреді. М. Дудин мен М. Адибаев аудармаларында үстіртін менің түбіме қара деген мағынада берілген. Автор айтпақ ойдың, концептінің берер мағынасы мен төркіні анықталмаған. Жанның мекен орны – жүрек. Е. Курдаков аударма нұсқасында автор жүрек концептісін жанмен байланыстырған. Бұл аудармашының танымдық – концептуалды тұрғыдан түсінуі автор ойымен сәйкес келіп тұрғандығын байқаймыз. Дегенмен, ұйқасты жеткізу барысында өз тарапынан тағдырды қосқан. Әр аудармашының автор өлеңіндегі жүректі ұғынуы концепт тұрғысынан әртүрлі. Семаникалық тұрғыдан ұқсастық табылғанымен, концептуалды тұрғыда автордың стилі жүдеген.

Нәтижелер. Абай өлеңдеріндегі басты принцип – толық адам концептісіне сай ақыл, қайрат, жүрек концептілерінің орыс тілінде берілуі, нақты, тура мағынада аударылуы, тұтастай тармақ, шумақтардың дәлдігі мен ақыл, қайрат пен жүректің атқаратын маңызды рөлі қарастырылды. Абай шығармаларында ұлттың мінез-құлқы, асыл мұраты мен ойлау айырмашылықтары, ерекшеліктері көркем түрде сипатталды. Жоғарыда келтірілген түпнұсқа мен аударма нұсқалары арасындағы сәйкессіздіктер мен алшақтықтар тек мағына, мазмұны жағынан сарапталды.

Қорытынды. Абай шығармаларындағы ақыл, қайрат, жүрек сынды терең байланысқан концептілерді, тұтас ойлар мен ұғымдарды аудару барысында олардың әрқайсысының мазмұнын, білдірер мағынасын, бір-бірімен байланысын, құрылымдық жүйеде атқарып тұрған негізгі қызметін, көлемін анықтап алу ерекше маңызды. Бұл концептілердің бірін алып тастауға, аудармай түсіріп кетуге, бөтен сөз немес ой қосуға, қызметтерін бір-біріне ауылтыруға әсте болмайды. Ақынның дүниетанымдық көзқарасы, әлемді танудағы ұлттық бейнеліліктер мен байлықтарының мағынасы терең болған сайын, оны аударма бере алу соғұрлым қиындай түседі. Алайда, Абай секілді көркем аударманың ұлы шеберінің үлгісі болашақта шығармалары орыс тілінде туған тілінің дәрежесіндей сайрайтыны үміт пен сенімдік ұялатады.

Әдебиеттер

1. Абай. Я – человек загадка... Перевод с казахского. – Астана: Аударма, 2009. – 504 с.
2. Дәдебаев Ж.Д. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – №4 (184). – Алматы, 2021. – 149 б. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
3. Аскольдов С.А. Концепт и слово /С.А.Аскольдов // Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Антология. – Москва,1997. – С. 267-279.
4. Степанов Ю.С. Основы общего языкознания. – Москва, 1975. – 314 с.
5. Артюнова Н.Д. Аномалии и язык (к проблеме языковой «картины мира») // ВЯ – 1987. – №3.
6. Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S.K., Dautova B.D., Rainbekova G.S., Toktymanova G.M. Translation and interpretation of Abay's political – social Lyrics into Turkic languages // Opción, Vol 36, 2020. – 1852 p. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31812>
7. Абай шығармаларының екі томдық жинағы. Екінші том. – Алматы «Жазушы», 1995. – 380 б.
8. Абай. Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ; Өлеңдер. – Алматы: Жалын. 1990. – 128 б.
9. Абай (Ибраһим) Кунанбаев. Ибранное / перевод с каз. Комментарии А. Кодара. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 224 с.
10. Абай «Менің 100 кітабым» ұлттық рухани құндылық. Қара сөз / Книга слов / Book of words. – 364 б.
11. Абай (Ибраһим Кунанбаев). Слова назидания. Пер. с каз. С. Санбаева. – Алма-Ата: Жалын, 1982. – 160 с.
12. Мырзахметов М. Абайдың адамгершілік мұраттары: Ұлы ақынның 150 жылдығына. – Алматы: Рауан, 1993. – (Ақын кітапханасы негізінде). – 279 б.
13. Абайды оқы, таңырқа... (Құрастырған, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған – М. Мырзахметов, филология ғылымының докторы). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 160 б.

У.Б. БАЙЛИЕВА, Б.Д. ДАУТОВА

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА КОНЦЕПТОВ РАЗУМА, СЕРДЦЕ, ВОЛИ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ АБАЯ НА РУССКИЙ ЯЗЫК

Аннотация. В статье рассматриваются способы выражения концептов «разума», «воли», «сердце» в творчестве А. Кунанбайулы и способы их перевода на русский язык. Изучается и предоставляется полное объяснение термина концепт с точки зрения когнитивной лингвистики.

Основная цель статьи – раскрыть тему нравственности в произведениях

Абая, смысл концептов разума, воли, сердца в соответствии с концепцией «полноценного человека». Изучение особенностей перевода понятий разума, воли и сердца в произведениях Абая на русский язык и определение передачи важных философских тезисов Абая. Определение стиля и индивидуальности поэта в оригинальных и переводных текстах, выявление особенностей перевода. Выявить стиль и оригинальность поэта в тексте оригинала и перевода, подчеркнуть особенности воспитания. Изучить значение и степень, достигнутые читателем на русском языке концептов разума, сердца, воли, получивших название «Триада Абая» в произведениях автора, определить качественные, адекватные варианты перевода.

В ходе обсуждения статьи стихи Абая были рассмотрены в качестве подлинников, сравнены варианты перевода А. Штейнберга, А. Кодара, М. Адибаева, М. Дудина, С. Тлеубаева, Э. Шехтмана, А. Гатова, М. Султанбекова, Вс. Рождественского, Б. Белъгера, Б. Момышулы, Д. Бродского, Ю. Кузнецова, Ю. Неймана, Е. Курдаковой. В качестве вариантов перевода слов назидания Абая рассматривались переводы Р. Сейсенбаева и К. Серикбаевой, С. Санбаева, В. Шкловского.

Ключевые слова: концепт, перевод, разум, воля, сердце.

U.B. BAILIYEVA, B.D. DAUTOVA

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF TRANSLATION OF THE CONCEPTS MIND, HEART, WILL INTO RUSSIAN IN ABAI'S WORKS

Annotation. The article discusses the ways of expressing the concepts of «mind», «will», «heart» in the works of A. Kunanbayuly and their translation into Russian. The concept is studied and a deep explanation is provided from the point of view of cognitive linguistics.

The main purpose of the article is to reveal the topic of morality in Abai's works, the meaning of the concepts of mind, will, heart in accordance with the concept of «A man of integrity». The study of the features of the translation of the concepts of mind, will and heart in the works of Abai into Russian and the determination of the transfer of important philosophical theses of Abai in the pursuit of morality through translations into Russian. Determination of the style and individuality of the poet in the original and translated texts, identification of the features of the translation. Reveal the style and originality of the poet in the text of the original and translation, reflect the features of education. To study the meaning and degree achieved by the reader in Russian of the concepts of mind, heart, will, called the «Abai's Triad» in the author's works, to determine high-quality, successful translation options.

During the discussion of the article, Abai's poems were considered as originals, the translation versions of A.Steinberg, A.Kodar, M.Adibaev, M.Dudin, S.Tleubaev, E.Shekhtman, A.Gatov, M.Sultanbekov, Vs.Rozhdestvensky, B.Belger, B.Momyshuly, D.Brodsky, Y.Kuznetsov, Yu.Neumann, E.Kurdakova were compared. The translations of R. Seisenbaev and K. Serikbaeva, S. Sanbaev, V. Shklovsky were considered as options for translating the words of edification of Abai.

Keywords: concept, translation, mind, will, heart.

References

1. Abai. Īa – chelovek zagadka... Perevod s kazahskogo. – Astana: Audarma, 2009. – 504 s.
2. Dädebaev J.D. Abai ılımın bilu, túsınu jäne qoldanu // QazŪU Habarşysy, Filologia seriasy. – №4 (184). – Almaty, 2021. – 149 b. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
3. Asköldov S.A. Konsept i slovo /S.A.Asköldov // Ruskaia slovesnost. Ot teorii slovesnosti k strukture teksta. Antologia. – Moskva,1997. – S. 267-279.
4. Stepanov Īu.S. Osnovy obşego iazykoznanıa. – Moskva, 1975. – 314 s.
5. Artūnova N.D. Anomalii i iazyk (k probleme iazykovoi «kartiny mira») // VĀ – 1987. – №3.
6. Daurenbekova L.N., Imanberdiyeva S.K., Dautova B.D., Rainbekova G.S., Toktymanova G.M. Translation and interpretation of Abay's political – social Lurics into Turkic languages // Opción, Vol 36, 2020. – 1852 p. <https://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31812>
7. Abai şyğarmalarynyñ eki tomdyq jınaғы. Ekinşi tom. – Almaty «Jazuşy», 1995. – 380 b.
8. Abai. Düniede, sırä, sendei mağan jar joq: Öleñder. – Almaty: Jalyn. 1990. – 128 b.
9. Abai (Ībrahim) Kunanbaev. Ībrannoe / perevod s kaz. Kommentarii A. Kodara. – Almaty: Ana tılı, 1996. – 224 s.
10. Abai «Meniñ 100 kitabym» ūlttyq ruhani qūndylyq. Qara söz / Kniga slov / Book of words. – 364 b.
11. Abai (Ībrahim Kunanbaev). Slova nazidania. Per. s kaz. S. Sanbaeva. – Alma-Ata: Jalyn, 1982. – 160 s.
12. Myrzahmetov M. Abaidyñ adamgerşilik mūrattary: Ūly aqynnyñ 150 jyldyğyna. – Almaty: Rauan, 1993. – (Aqyn kıtaphanasy negızinde). – 279 b.
13. Abaidy oqy, tañyrqa... (Qūrastyrğan, alғы sözi men túsınıkemelerin jazğan – M. Myrzahmetov, filologia ğylymynyñ doktory). – Almaty: Ana tılı, 1993. – 160 b.

Авторлар туралы мәлімет:

Байлиева Ұлжан Бисенбайқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зеттеу институтының оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Байлиева Улжан Бисенбаевна – преподаватель научно-исследовательского института Абай при КазНУ, Казахский национальный

университет им.Аль-Фараби, Алматы, Қазақстан.

Baiiyeva Ulzhan Bissenbaykyzy – lecturer at the Abai Research Institute at KazNU, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Даутова Бибігүл Дәулетқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зеттеу институтының оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Даутова Бибигуль Даулетовна – преподаватель научно-исследовательского института Абай при КазНУ, Казахский национальный университет им.Аль-Фараби, Алматы, Қазақстан.

Dautova Bibigul Dauletkyzy – lecturer at the Abai Research Institute at KazNU, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.